
АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ ҚЫРЛАРЫ

З. Е. Тасыбекова

Қазіргі таңда Қазақстанда нарық экономикасы, демократия және құқықтық мемлекеттің дамуымен қатар азаматтық қоғамның құрылысы туралы жиі айтылатын болды. Аталған терминдер еліміздің қоғамдық-саяси даму тәжірибесінде кең қолданылады. Берілген терминологиялық қатармен суреттелетін кеңістік ұғымы әрбір нақты елде өте ерекше өзгешелікке ие. Сондықтан нәтижелі қоғам құру үшін теңестіру коды ретінде бұл терминдердің қолданылуы олардың ортақ түсінік мәнмәтінде шоғырлануында анықталған әдіснамалық жұмысты қажет етеді.

Азаматтық қоғам қазіргі жаһандық өркениеттегі негізгі түсінік болып табылады. Құқықтық мемлекеттің дамуы үшін социомәдениеттік іргетас рөлін ойнайды, сонымен қатар, елдегі нарықтық экономиканы құру және саяси демократияда қызмет етуде ерекше орынға ие. Орыс ғалымы Г.Дилигенскийдің пікірінше, «азаматтық қоғам – бұл заңды кезең, тұлғаның өзіндік жүзеге асыруының жоғарғы түрі. Ол елдің экономикалық, саяси дамуынан, жақсы тұрмыстың, мәдениеттің және халықтың сана-сезімінің өсуінен пісіп жетіледі. Азаматтық қоғам құрудың маңызды алғышарты болып сословиелік артықшылықтарды жою және адамдық тұлғаның өсуі табылады». Басқа сөзбен айтқанда, азаматтық қоғам – мемлекеттің социомәдени дамуының анықталған кезеңі. Бұл кезеңде елдегі саяси процесс бірегей азаматтық сәйкестіктің даму және құру идеясына шоғырлану керек.

Қазақстандағы азаматтық қоғамның алдағы уақытта дамуына қатысты мәселе өзінің тамырларымен мәдени ерекшелікке кететін әлеуметтік, экономикалық және саяси шынайылықтың жоғарғы талдауымен байланысты. Үлгілер, қатынастың жүйесі және азаматтардың пікірі – бұл тек мұзтаудың басы ғана. Оның артынан күшті және қандай да бір социомәдени шынайылық қаба-тының әсеріне ұшырағандар тұр. Дәл осы дәрежеде қоғамның даму процесі тұрақты параметрлерге ие болу үшін өзгерістер болуы міндетті. Ал Қазақстанның социомәдени жүйесі әлемнің өркениетті елдерінің параметрлеріне сай келетін болды. Бәсекеге қабілетті, заман талабына сай мемлекеттің құрылуы және дамуы азаматтық қоғамның тұжырымдамасы шеңберінде ғана мүмкін. Бұл процесс социомәдени өзгерістердің ерекше дәрежесін, елдің қоғамдық-саяси кеңістігінің масштабты жетілдіруін талап етеді.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігінің басында социомәдениеттің жаһандық шақыруымен бетпе-бет келді. Таңдалынған өркениет параметрлерінің

шеңберіндегі елдің социомәдени кешенінің мазмұны мен құрылым жүйесінің өзгерісі үшін әлемдегі қазіргі социомәдениеттің дамуы туралы анық түсінік болу керек. Еліміздің тәуелсіздігін сақтаудың маңызды факторы ретінде ХХІ ғасырдың жаһандық ақпараттық өркениеті шартындағы қазақстандық сәйкестікті құру процесі табылды. Жалпықазақстандық сәйкестікті жасау осы заманғы социомәдени саясаттың бірінші кезектегі тапсырмасы болып табылады. Бүгінгі таңда Қазақстанның социомәдениет жүйесінің жетілдірілуі және дамуы азаматтық қоғамның тұжырымдамасымен сәйкесе отырып ерекше мағынаға ие болды. Бұл мақсаттың стратегиясы Н. Назарбаевтың қазақстандық теңестіруді құру мәселелеріне арналған «Тарих толқынында» кітабында айтылған: «Теңестірудің бірінші дәрежесі Қазақстан тұрғындарының азаматтық және саяси қауымдастық құруымен байланысты. Бұл жерде біртұтас этникалық қауымдастықты құруға бағытталған принциптік ыңғай мен азаматтық қоғамды құруға бағытталған ыңғай арасындағы ерекшеліктерді түсіну маңызды».

Қазақстан Президенті және еліміздің зиялылары қазақстандық сәйкестікті құруды маңызды және қиын процесс деп түсінеді. Ол процесс діни және этникалық сәйкестендірудің жай сызбаларын қолданумен байланысты стандартты шешімдерден өте алыс. Сондықтан біртұтас саяси қауымдастық ретіндегі жаңа қазақстандық сәйкестендіруді жасау үшін азаматтық сәйкестендірудің жеке бірегей жүйесін жасау керек. Сол сияқты бірегей жүйенің құру және даму үлгісінің негізі азаматтық қоғамның тұжырымдамасы болуы мүмкін. Оған қоса теңестіру жүйесінің бірегейлігі өзіндік ұйымның дәстүрлі түрлеріне және елдегі үкіметтік емес сектор дамуының институционалды ерекшелігіне тәуелді азаматтық қоғамның қазақстандық нұсқасына тән ерекшелікпен анықталады. Н. Дорендорфтың пікірінше, дамыған елдердің азаматтық қоғамының құрылымы өзінің тарапынан азаматтардың түрлі ерікті ұйымдарының қоғамдық қатынастағы кең желісін көрсетеді.

Кез келген дамыған азаматтық қоғамның маңызды институты болып үкіметтік емес ұйымдар табылады. Үкіметтік емес ұйымдардың институционалды дамуының жоғарғы дәрежесі болып әлемнің барлық дамыған елдерінде тұрақты азаматтық қоғам құруы есептеледі. Азаматтық қоғамның дамуындағы үкіметтік емес ұйымдардың рөлін анық түсіну үшін қазіргі өркениеттің ерекше социомәдениет кеңістігі ретіндегі азаматтық қоғам туралы толық көрініске ие болу керек.

Азаматтық қоғам теориясын жасаудағы маңызды кезең ретінде Жаңа дәуірдің еуропалық философия өкілдері Т. Гоббстың, Дж. Локктың, Ш. Монтескьенің және тағы басқа осы дәуірдің ойшылдарының еңбектерінде кездесті. Олардың концепциялары шынайы құқық пен қоғамдық келісім

идеяларына негізделді. Қоғамдық келісімнің мақсаты «қолайлы тіршілік және өзін-өзі сақтауға қамқорлық» болып табылады. Бұл ойшылдардың көзқарасы бойынша адам ақыл-есті организм ретінде еркіндікке ұмтылады. Ол өзін өмірлік құқықтарының иесі ретінде сезінгісі келеді. Локк бойынша, адамдардың табиғи қауымдастығы «адамдардың қандай да бір бөлігі бірлесіп, олардың әрқайсысы заң бойынша оған тән билік орындаушыларынан бас тартып, оны қоғамға берген кезде» азаматтық қоғамға айналады. Монтескье бойынша, бұлар басқа көзқарасты көрсетеді. Ол азаматтық қоғамды азаматтардың тәуелсіз ассоциацияларының жиынтығы, мемлекет пен жеке тұлға арасындағы жанама түрдегі қатынас және керек кезде жеке тұлғаның құқығын биліктің озбырлығынан қорғаушы ретінде қабылдайды.

Сонымен қоса, Жаңа дәуір ойшылдары азаматтардың қызығушылықтарын ескеретін мемлекетті азаматтық қоғаммен теңдестірді. Ағылшын экономисті А. Смиттің еңбегінде жеке қызығушылықтарды қорғауға ерекше көңіл бөлу сипат алды. Ол жасаған «шынайы еркіндік жүйесі» жекеменшік иеліктеріне мемлекеттің араласуын жою керектігін, жеке ойдың жүзеге асуы үшін толық еркіндік беру қажеттігін дәлелдеді. Жеке меншіктік мектебінің құрылуы қазіргі демократиялық мемлекеттердегі азаматтық қоғамның орталық белгілерінің бірі болып қалды. Классикалық саяси экономиканың тұжырымдары біздің заманымызда да өзекті болып қалады: «демократиялық буржуазиялық қоғамда мемлекеттің әсер ету аймағы шектелген. Мұнда жеке тұлғалар мемлекетке, және оның қызметтеріне тікелей емес, ал азаматтық қоғам арқылы мектептеріне де бағынады».

Азаматтық қоғам теориясын жасауда Г. Гегельдің айтарлықтай ерекше еңбегі бар. Ол азаматтық қоғам отбасынан мемлекетке дейінгі диалектикалық қозғалыстың ерекше кезеңі деген тұжырымға келді. «Азаматтық қоғам – отбасы мен мемлекет арасынан шығатын жіктеліс, бірақ азаматтық қоғамның дамуы мемлекетке қарағанда кешірек көрініс табады». Осылайша, Гегель тек жалпы және саяси қызығушылықтардың ғана емес, сонымен бірге жеке меншіктік қызығушылықтардың саласы болады деген тұжырымға келді. Бұл саланы ол «азаматтық қоғам» аймағы деп анықтады. Қазақстандық атақты ғалымдар да осыған ұқсас негізде ойлайды. «Қазіргі демократия мен азаматтық қоғам жылдар бойы феодалдық тәртіп субъектілердің жекеленуі ретінде және соңында осы феодалдық тәртіпті бұзушы жеке тұлғалардың өздері дамытуы арқылы дайындалды. Жеке тұлғалардың ерекшеленіп, әлеуметтік қауымдастықтан ажырамайтын, бір-бірінен тәуелсіз мұндай тарихи қалыптасуы «bürgerliche gesellschaft» немесе «буржуазиялық қоғамнан» ажыратылады. Сөзбе-сөз аударғанда «қала тұрғыны» деген мағынаны білдіреді. Осыған байланысты, азаматтық қоғамның формалды емес тағы бір анықтамасы

«кала тұрғындары қоғамы» немесе «буржуаздық қоғам» болуы мүмкін. Жаңа дәуір ойшылдары азаматтық қоғам теориясын жасай отырып, ақсүйектермен теңдей құқық алуға тырысқан қоғамның жаңа әлеуметтік қабатының – ауқатты, тәуелсіз қала тұрғындары – буржуаның дамуы үшін идеологиялық кеңістік жасады.

Азаматтық қоғам мәселесі жайында ерекше тәсіл К. Маркста бақыланады. Ол үшін азаматтық қоғам жеке меншікке негізделген буржуазиялық мемлекет қызметін атқаратын бейнеде көрінеді. Мұндай қоғамда «адам құқығы деп аталатындардың ешқайсысы да азаматтық қоғам мүшесі ретінде, яғни өз ойын өз ішіне тұйықтап, қоғамнан жеке бір шетте қалатын жеке тұлғаның, адамның өзіншілдік шегіне жетпейді.

Дамудың осы уақытта болған оқиғаларымен қоса, қазіргі ғалымдардың ойы бойынша, қазіргі азаматтық қоғамның келесідей құрылымы бар:

- Ерікті құрылған алғашқы адамдардың қауымдастығы (отбасы, кооперация, бірлестік, қоғамдық ұйымдар, шығармашылық және басқа да бірлестіктер).
- Қоғамда саяси емес қатынастардың жиынтығы: экономикалық, әлеуметтік, рухани, адамгершілік.
- Ерікті жеке тұлғалар мен олардың ұйымдарының өзін-өзі басқару саласы.

Бір жағынан, көптеген батыс зерттеушілері азаматтық қоғам ретінде жеке адамның және өзі қызмет ететін қоғамдық бірлестіктің дамуы үшін қолайлы қоғамдық құрылым, әлеуметтік тәртіп деп түсінеді. Мұндай тәсіл шеңберінде қазіргі азаматтық қоғам тұрғындар мен оларды құраушы әр түрлі әлеуметтік топтар өздерінің бойына мемлекеттік билік органдарын және сәйкес ұйымдарды (мемлекеттік сектор), пайда табуға бағытталған секторды (коммерциялық), сонымен бірге қоғамның әлеуметтік маңызды мәселелерін шешуге бағытталған секторды (коммерциялық емес сектор) жинақтайды. Бұл үш азаматтық қоғам секторлардың арасында қатып қалған шекара жоқ екендігін айта кеткен жөн. Екінші жағынан, азаматтық қоғам ретінде кейбір зерттеушілер қоғамдық саяси емес ұйымдардың, яғни қайырымдылық, этникалық, экологиялық, мәдени және сол сияқты тәуелсіз бірлестіктер жиынтығы деп түсінеді. Және оларды «экономикалық» және «саяси» қоғамдардан бөледі.

Жалпы, батыстық зерттеу қауымдастығында азаматтық қоғам түсінігін анықтау үшін екі негізгі әдістемелік тәсіл бар: біріншісін шартты түрде идеологиялық немесе «синтетикалық», екіншісін құрылымдық немесе «аналитикалық» деп атауға болады. Азаматтық қоғамды анықтау барысында әр түрлі теоретиктер мен тәжірибешілер арасындағы қолданылатын айырмашылықтар олардың үлгілерінің қызмет мақсатымен түсіндіріледі, және оларды төмендегі қысқаша тезистерден көруімізге болады:

• Идеологиялық (синтетикалық) әдіс идеологиялық концепциялар құру мен қоғамдық-саяси даму үдерістерінің тиімді технологиялық басқаруды жасау аумағында нәтижелі болып келеді.

• Құрылымдық (аналитикалық) әдіс әр түрлі әлеуметтік мәдени зерттеулер өткізуде және әлеуметтік шындықты мұқият жабдықтауда өте қолайлы болып есептеледі.

• Өкінішке орай, бұрынғы кеңестік елдердің тәжірибесінде үкіметтік емес ұйымдарды берілген әдістемелік тәсілдермен жобалау жалпы ойлаудың екі тұрақты стереотипіне негізделеді: біріншісі – азаматтық қоғам көлемі бойынша жалпы қоғаммен сәйкес келеді, себебі барлық адамдар азаматтық құқық пен міндеттілікке ие азамат болып табылады, екіншісі – азаматтық қоғам ол үкіметтік емес ұйымдардың жиынтығы. Осыдан келіп, бұл түсініктердің арасына теңдік белгісін қоюға болады. Азаматтық қоғам туралы мұндай бұрмаланған түсінік бұрынғы кеңестік мемлекеттердің, соның ішінде Қазақстанның да үкіметтік емес секторының дамуын айтарлықтай тежейді.

Қазіргі зерттеу қауымдастығында азаматтық қоғамды екі классикалық әдістемелік тәсілдермен қатар алуда көбінесе құрамдастырылған әдістемелік тәсілге ие болады. Құрамдастырылған әдістемелік тәсіл жүйелі түрде қоғамның әр түрлі сегменттерін құрылымдық талдау шеңберінде нығайтуға мүмкіндік береді және идеологиялық әдістеме тәсіліне жататын мемлекеттің дамуындағы үдерістерді тиімді басқару қажеттілігіне жағдай жасайды. Азаматтық қоғамды анықтаудағы қазіргі зерттеушілер қолданатын құрамдастырылған әдістемелік тәсілді функционалдық деп те атауға болады, себебі ол жүйелік және құрылымдық тәсілдердің функционалдық мүмкіндіктерін байланыстырады және ең маңыздысы *азаматтық қоғамды функционалдық жүйе ретінде* сипаттайтын жана әдістемелік мәтін дайындайды.

Осылайша, үкіметтік емес сектор әлемдегі демократияның дамып тұрақталуы және азаматтық қоғамның жетілуі үшін мектептік негіз болып табылады. Үкіметтік емес ұйымдар азаматтық қоғамның негізгі қызметін, яғни азаматтардың өзін-өзі басқару және өзін-өзі ұйымдастыру қызметін өн бойына толық дерлік шоғырландырған. Сондықтан тиімді үкіметтік емес секторларды дамыту – мемлекетте оңтайлы саяси жаңартуларды жүргізуге және бәсекеге қабілетті қоғам, мемлекет құруға жағдай жасайды.

1. *Аристотель*. Политика. – М.: Мысль, 1989. – С.376.

2. *Гегель*. Основы философии права. // Философский энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1989. – С.110

3. *Гоббс Т.* Левиафан или материя, форма и власть государства церковного и гражданского // Собрание сочинений в 2-х т. – М.: Мысль, 1989. – Т.2. – С.735

-
4. Дарендорф Н. Мораль, институты и гражданское общество. // Международный философский журнал «Путь». – 1993. - №3. – С.18
 5. Дилигенский Г. Что мы знаем о демократии и гражданском обществе? // Pro et Contra «Гражданское общество». – 1997. – Т.2. – С.24
 6. Локк Дж. Об управлении разумом. // Собрание сочинений в 3-х т. – М.: Мысль, 1985. – Т.2. – С.53
 7. Маркс К., Энгельс Ф. К эврейскому вопросу. // Полное собрание сочинений. – М.: Государственное издательство политической литературы, 1955. – Т.1. – С.401
 8. Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамур. – 1999. – С.186-190
 9. Смит А. Исследования о природе и причинах богатства Народов // Советский энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1987. – С.1228
 10. Утченко С.Л. Политические учения древнего Рима (III-IV в.в. до н.э.) – М.: Наука, 1977. – С.27.

Тасыбекова З.Е.

Возникновение и исторические аспекты понятия гражданского общества

В данной статье говорится о том, как формируется гражданское общество и каковы его исторические аспекты.

Tasybekova Z.E.

Establishment and Historical Aspects of the Notion of Civil Society

In given article it is spoken how the civil society is formed and what are its historical aspects.